



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ МЕН ИОРДАНИЯ КОРОЛІ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бен әл-Хусейн келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Иорданиямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді. – Екіжақты қарым-қатынасты дамытуға деген шынайы ниетіңізді жоғары бағалаймыз. Сіздің салықалы әрі сарабалд көшбасшылығыңызды, сондай-ақ аймақтағы және әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ерекше рөліңізді атап өткім келеді. Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Иордания Таяу Шығыстағы тұрақтылық мекеніне айналды. Диалог пен ықпалдастықты басты бағдар ретінде ұстануыңыздың нәтижесінде Корольдіктің халықаралық аренадағы абырой-беделі артты. Биыл ақпан айында Қазақстан Президенті ретінде Иордания Хашимит Корольдігіне жасаған бірінші ресми сапарымды ерекше ықыласпен еске аламын. Бүгінгі сапар екіжақты қатынастарға тың серпін беріп,

ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Иорданияны саяси және экономикалық тұрғыдағы ортақ мүдде ғана емес, дін, толеранттылық дәстүрі және өзара құрмет секілді ғасырлар бойғы құндылықтар біріктіреді. Екі ел әлемге сан алуан мәдениет пен конфессиядағы халықтардың тату-тәтті өмір сүріп, адамзат дамуына үлес қоса алатынын көрсетті.

Король II Абдалла қос мемлекеттің достығын жоғары бағалайтынын атап өтті.

– Бүгінгі сапар түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және екіжақты байланыстарды тереңдетуге тараптардың мүдделі екенін растайды. Бұған дейінгі келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар маңызды келісім мен меморандумға қол қойылды. Бүгінгі уағдаластықтар, сондай-ақ оны табысты іске асыру елдеріміздің арасындағы серіктестікті кеңейтуге берік негіз қалайтынына сенімдімін, – деді Иордания Королі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Аммандағы кездесу барысында тараптар тауар айналымын 500 миллион долларға дейін ұлғайтуға уағдаласқанын еске салды. Қазақстан Иордания нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 өнім түрін экспорттауға дайын.

Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен Иордания уран өндіруші компаниясының (JUMCO) атом өнеркәсібін дамыту саласындағы ынтымақтастығына қолдау білдірді.

Президент Иордания делегациясына еліміздің халықаралық келік-логистика желісін кеңейту бастамалары туралы мәлімет беріп, Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасында интермодальді жүк тасымалын бірлесе өркендету мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, туризм, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор.

Өз кезегінде Иордания тарапы медицина, фармацевтика, халал индустриясы және қорғаныс өнеркәсібі бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге ниетті. Сонымен қатар Royal Jordanian әуе компаниясы келесі жылы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұл қадам екі елдің азаматтары мен іскерлік ортасының байланыстарын жандандырады.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізіп, университеттер арасында серіктестік орнатуға қызығушылық танытты.

akorda.kz

В ПРАВИТЕЛЬСТВЕ РАССМОТРЕЛИ ХОД РЕАЛИЗАЦИИ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА В СФЕРЕ ЭНЕРГЕТИКИ И ПОДГОТОВКУ К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ

На заседании Правительства под председательством Премьер-министра Олжаса Бектенова рассмотрен ход подготовки к предстоящему отопительному сезону.

С докладом о готовности энергоисточников, тепловых сетей и об обеспечении углем выступил министр энергетики Ерлан Аккенженов, о подготовке объектов социальной сферы, жилого фонда и инженерной инфраструктуры доложил министр промышленности и строительства Ерсайын Нагаспаев. Заслушаны акимы ряда регионов.

По данным Министерства промышленности и строительства, к отопительному сезону в настоящее время подготовлено 92% объектов образования, 91% объектов здравоохранения, 83% жилых домов. В то же время отремонтировано 610 км сетей водоснабжения и 101 км водотведения, а также 11,2 тыс. автономных котельных.

Премьер-министр акцентировал внимание на необходимости системной подготовки к зимнему периоду.

«Глава государства в Послании народу поставил задачу по модернизации энергетической инфраструктуры и коммунального хозяйства. Учитывая высокий износ энергетического сектора, необходимо вести планомерную и качественную работу по подготовке к отопительному сезону. В рамках программы «Тариф в обмен на инвестиции» для ремонта и модернизации электростанций только в этом году профинансировано почти 377 млрд тенге, что на 15% выше прошлого года. Также из Резерва Правительства на ремонт теплоисточников и тепловых сетей предусмотрено порядка 48 млрд тенге», – подчеркнул Олжас Бектенов.

В ходе заседания внимание уделено ходу подготовки к отопительному сезону в регионах. Заслушаны доклады акимов ряда областей страны, где отмечаются риски несвоевременного завершения ремонтных работ. Например, в Акмолинской области на Степногорской ТЭЦ не завершён ремонт резервного котла, в Карагандинской области на ГРЭС Топар возможен срыв сроков работ, в Мангистауской области на ТЭЦ-2 отложена модернизация двух турбин. В Актау при этом сохраняются низкие темпы реконструкции тепловых сетей.

Премьер-министр подчеркнул, что данная ситуация говорит о слабом планировании и отсутствии жесткого контроля со стороны акимов. При этом в некоторых областях отмечается недостаточная работа Региональ-

ных штабов по подготовке к зиме.

Также отмечены факты выдачи разрешений компанией KEGOC на продление сроков ремонтов на энергоисточниках вопреки поручению Премьер-министра, озвученному в мае текущего года, по исключению подобной практики. Министрству энергетики дано поручение принимать жесткие меры по каждому факту нарушения сроков или их переноса без оснований.

Кроме того, поставлен ряд задач перед акимами регионов по оценке готовности энергопредприятий к зимнему периоду.

«Уже началась работа по выдаче паспортов готовности энергопредприятий. Здесь акимам следует принять личное участие в комиссии по оценке готовности энергопредприятий к отопительному сезону. Недопустима их работа без паспорта готовности к зиме. На особый контроль необходимо взять энергоисточники городов Риддер, Кентау, Экибастуз и Актау. В случае вхождения в отопительный сезон без паспорта готовности, виновные будут привлечены к ответственности. Также поручаю возобновить работу региональных штабов по прохождению отопительного сезона. Надо регулярно инспектировать работу энергоисточников и сетей. Отопительный сезон должен начинаться в строго установленные сроки с учетом погодных условий», – отметил Олжас Бектенов.

Премьер-министр дал ряд поручений. Министрству энергетики совместно с акиматами регионов – обеспечить своевременное завершение ремонтных работ на теплоисточниках и теплосетях. Поставлена задача до 1 сентября текущего года утвердить график поставки социального мазута в регионы.

Министерству энергетики совместно с КТЖ и акиматам регионов необходимо принять меры по своевременной поставке угля и мазута на энергообъекты согласно утвержденному графику и объемам, также установить контроль за обеспечением углем населения.

Министерству промышленности и строительства, акиматам регионов поручено до 1 сентября обеспечить полную готовность объектов образования, до 15 октября – объектов здравоохранения, жилищно-коммунального хозяйства и жилого фонда. Министерством просвещения, науки и высшего образования, здравоохранения дано поручение также взять этот вопрос на контроль.

primeminister.kz

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ЗАВЕРШЕНА ПОДГОТОВКА ОБЪЕКТОВ ОБРАЗОВАНИЯ И ЗДРАВООХРАНЕНИЯ К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ



В области Жетісу к предстоящему отопительному сезону полностью подготовлены объекты образования и здравоохранения, а уровень подготовки многоэтажных жилых домов составляет 96%, – сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

По данным областного управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, в рамках подготовки к отопительному сезону в регионе проводится ремонт объектов теплоснабжения, инженерных сетей и закуп топлива.

«Завершаются работы по ремонту 2 турбин, 35 котлов, 79,5 км водопроводных, 12,8 км тепловых, 1,1 тыс. км электрических

сетей и 208 трансформаторных подстанций. Теплоснабжающими предприятиями ведется заготовка 293 тыс. тонн угля и 6,4 тыс. тонн мазута. На данном этапе закуп необходимого объема угля завершён на 100%, отгружено 81,9 тыс. тонн, в наличии имеется 50,6 тыс. тонн. Также ведется поставка топлива для бюджетных организаций в объеме 15,1 тыс. тонн угля и 10,6 млн. литров жидкого топлива. В целом потребность угля для населения региона составляет 397 тыс. тонн. В среднем в сутки в регион поступает 13 вагонов или 897 тонн угля», – сообщили в управлении.

Кроме того, в регионе реализу-

ются крупные проекты в сфере теплоснабжения. Один из них – проект по строительству на базе котельной «Баскуат» парогазовой станции электрической мощностью 84 МВт и тепловой мощностью 70 Гкал/ч, направленный на восполнение тепловой и электрической энергии в Талдыкоргане. Проект реализуется в III этапа, два из которых будут завершены в декабре текущего года. Полная реализация данного проекта позволит дополнительно снизить нагрузку на котельную «Баскуат» на 30%.

Также в рамках общего плана расширения Текелийской ТЭЦ-2 запланировано 3-х этапное введение на территории ТЭЦ парогазовой установки с общей установленной электрической мощностью 53 МВт и тепловой мощностью 48 Гкал/час. В результате реализации данного проекта будет решена проблема модернизации данной ТЭЦ, и появятся дополнительные тепловые мощности для подключения новых объектов.

Что касается газификации, то из 126 населенных пунктов от Кербулакского района до Талдыкоргана, включая Панфиловский район, на сегодня газифицировано 84 населенных пункта охват – 58,2%. До конца 2025 года планируется полная газификация, уровень достигнет 71,4% или 500 тыс. человек. Также завершается строительство газопровода «Талдыкорган – Ушарал». В результате реализации



данных проектов будут газифицированы все 192 населенных пункта, доступ к газу получат свыше 624 тыс. жителей или 92% всего населения.

Фотографы: Дмитрий Ерофеев, Жеңіс Ысқабай

Пресс-служба
акима области Жетісу

ЖЕТИСУДА ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА «МАМАН» ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ

Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Отбасы банк» АҚ филиалы («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) «Маман» бағдарламасы басталды. Жаңа бастама өңірдің әлеуметтік және экономикалық өмірінің негізгі салаларында еңбек ететін мамандарды қолдауға бағытталған. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, энергетика, БАҚ және өңірдің басқа салаларының қызметкерлеріне бағдарлама аясында жеңіл шарттармен жеке меншік тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік.

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылдың 25 тамызынан басталды, 5 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Биылғы жыл ерекше. Мемлекет басшысы оны «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Отбасы банк еңбек адамдарын қолдайды. Сол үшін 2025 жылы біз «Наурыз жұмыскер» бағдарламасын іске қостық. Оның арқасында ел бойынша 1 633 жұмысшы мамандығының өкілдері қолжетімді шарттармен баспана сатып алды. Сондай-ақ банк өңірлерде тұратын азаматтарды қолдауға ерекше назар аударады. Осыған байланысты Жетісу облысында қосымша «Маман» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Ол туған өлкенің дамуына күн сайын үлес қосып жүрген білікті мамандарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған», - деп «Отбасы банк» АҚ Жетісу филиалының директоры Жасұлан Құрманғалиев атап өтті.

«Маман» бағдарламасы бойынша несие беру шарттары:

- Қарыз сомасы - 20 млн теңгеге дейін;
- Бастапқы жарна - 10% бастап;
- Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 5% (ЖТСМ 5,2% дан 5,7% дейін).
- Сатып алуға арналған нысандар – бірінші нарықтағы тұрғын үй, соның ішінде ҚТҚ (Қазақстан тұрғын үй компаниясы) кепілдігі болған жағдайда үлестік қатысу, одан кейін екінші нарықтағы тұрғын үй, жер телімі бар жеке үйлер. Тұрғын үй Жетісу облысының аумағында сатып алынады.

Кім қатыса алады?

Бағдарлама Жетісу облысында кемінде бір жыл жұмыс істейтін және соңғы үш жылда аталмыш аймақта тіркеуі бар мамандар:

- журналистер мен БАҚ қызметкерлері,
 - мұғалімдер мен тәрбиешілер,
 - дәрігерлер мен медицина қызметкерлері,
 - мәдениет қайраткерлері және шығармашылық одақтардың мүшелері,
 - спортшылар мен жаттықтырушылар,
 - энергетика саласының мамандары,
 - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлері,
 - туризм саласының қызметкерлері және саяси партия филиалдары аппараттарының қызметкерлері.
- Талаптары:
- жас мөлшері - 63 жасты қоса алған жасқа дейін;
 - соңғы 5 жыл ішінде өтініш беруші мен отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы;
 - Жетісу облысында соңғы үш жылда тұрақты тіркеуі бар. бағдарламаға ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады.

Іріктеу жүйесі қалай іске асырылады?

Өтінімдер қалалық және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінде қабылданады. Қатысушылар тізімін әкімдік жанындағы тұрғын үй комиссиясы қалыптастырады. Оның өңілдері өтінімдерді балдық жүйе бойынша бағалайды. Бағалау кезінде жасы, еңбек өтілі, отбасылық жағдайы, көмелетке толмаған балаларының болуы, тұрғын үй кезегінде тұруы, үлескерлік мәртебесі, банкпен қатынасы және облыстағы тіркеу мерзімі ескеріледі. Ең жоғары баллды жас мамандар, балалары бар отбасылар және әлеуметтік осал санаттағы кезектегілер ала алады.



Өтінімді қалай беру керек?

Қатысу құжаттар топтама-сымен жергілікті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына (ауданның/қаланың ТКШ) жүгіну қажет:

- әкімдіктен жолдама,
- жеке төлқұжат,
- неке қию куәлігі және балалардың туу туралы куәліктері,
- табыс туралы және жылжымайтын мүліктің жоқтығы жөнінде анықтама.

Жеке кәсіпкерлерден банктік шоттың соңғы 12 айдағы қосымша үзінді көшірмесі талап етілетін болады.

Дереккөз:
«Отбасы банк» АҚ ресми банкі



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АЯСЫНДА «ЖАРКЕНТ МЕШІТІ» МҰРАЖАЙЫНЫҢ МАҢАЙЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысындағы Панфилов ауданында «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер мұражайының маңайы абаттандырылды. Сонымен қатар туристік нысан айналасындағы көшелерді жаңғырту жұмыстары да жүргізілуде, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, Жаркент қаласында абаттандыру бағытында 3 жоба іске асырылып жатыр.

- Біз ең алдымен «Жаркент мешіті» туристік нысанының маңай көркейттік. Бұл - Юлдашев көшесінің Масанчи және Гапаров көшелері аралығындағы бөлігі. Онда брусчатка төселді, орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылды, жарықтандыру жүргізілді, 30-ға жуық ағаш, гүлзар мен көгал егілді. Осындай абаттандыру жұмыстары Голвацкий көшесінің Жібек жолы-Масанчи аралығындағы бөлігінде де басталды. Бұған дейін 2023 жылы қоғамдық тыңдалым кезінде тұрғындар «Арбат» типіндегі серуен алаңын жасау туралы ұсыныс айтқан болатын. Соған сәйкес қаланың Бас қоспарына өзгерістер енгізіп, жоспар әзірледік. Қазір «Арбаттың» құрылысы басталды. Шатырлар, орындықтар орнатылып, шағын архитектуралық формалар қойылып, көпшілік серуендейтін әдемі демалыс орнына айналды, - деді Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Дидар Ешенов.

Оның айтуынша, Жібек жолы даңғылының шығыс бөлігі де абаттандырылады.

Аталған үш жоба аясында 500-дей ағаш егіліп, автоматты суару желісі орнатылады. Көшелердің жалпы көлемі 20,7 мың шаршы метр болатын учаскесі абаттандырылады.

Жаркент қаласының тұрғындары мұндай бастамалардың қолға алғанын қуана қолдайтынын білдірді.

- Жабайы сауда мен такси жүргізушілерінің ретсіз қойылған көліктерінің кесірінен Жаркент қаласындағы орталық, атап айтқанда базар маңындағы көшелерден жаяу адам өте алмай қиналатынбыз. Ұзақ жылдар бойы шешілмей келе жатқан бұл мәселе биыл қолға алынып, орталық көшелер абаттандырылып жатыр. Өзім жұмысқа барар жолда күнделікті осы көшелерден өтемін, көргенге көз сүйінеді. Тап-тұйнақтай, жинақы, жаңа. Кешкілік бала-шағамен серуендеуге қолайлы әрі қауіпсіз демалыс орны пайда болғанына қуаныштымыз, - дейді қала тұрғыны Зулфия Шамиева.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Биыл Қазақстанның тәуелсіз басты құжаты – Конституцияға 30 жыл толып отыр. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция – мемлекетіміздің демократиялық даму жолындағы берік тұғыры.

Конституция – халқымыздың еркін таңдауымен бекітілген тарихи құжат. Ол тәуелсіз еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуының негізгі бағытын айқындады. Негізгі Заңда адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына ретінде айқындалды. Әрбір азаматтың заң алдында теңдігі, ар-ождан еркіндігі, сөз бостандығы және білім алуға, еңбек етуге құқығы Конституцияда нақты жазылған.

Осы 30 жылдың ішінде Қазақстан Конституциясы елді демократиялық жолмен басқарудың кепілі болып, мемлекетімізді өркениетті елдердің қатарына қосуға негіз қалады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, халқымыз Конституцияны басшылыққа алып, бірлік пен тұрақтылықты сақтап, дамудың даңғыл жолына түсті.

Конституцияның қабылдануы – біздің тарихымыздағы ең ірі саяси оқиғалардың бірі. Ол тек құқықтық құжат қана емес, елдің бірлігінің, тұрақтылығының, келешекке деген сенімінің нышаны.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Конституциясы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын құндылық, бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі. Елдің әр азаматы Негізгі Заңды құрметтеп, ондағы нормаларды сақтау арқылы мемлекетіміздің нығаюына өз үлесін қосады.

Қ. Сатанов,
Мәслихат төрағасы



КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНЫНДАҒЫ 4 АУЫЛДА ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Конституция күніне орай Жетісу облысының шекаралық Панфилов ауданындағы 4 ауылда жаңа медициналық нысандар пайдалануға берілді. Сөйтіп ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызмет сапасы айтарлықтай жақсарды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жаңа медициналық нысандар Көктал-Арасан, Сарпылдақ, Дарбаззақм және Қорғас ауылдарында ашылды. Бұл ауылдарда жалпы саны 2 260 адам тұрады.

Атап айтқанда, Көктал-Арасан, Сарпылдақ және Дарбаззақм ауылдарында 3 блокты-модульді медициналық пункт ашылса, Қорғас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Нысан тиісті диагностикалық және емдеу жабдықтарымен қамтылып, сапалы медициналық қызмет көрсетуге қажетті жағдай жасалған.

Оған қоса осы күздің басында ауданның тағы бір шалғайдағы елді мекені – Сарытөбе ауылында жаңа ФАП ашу жоспарланып отыр.

- Көп жылдан бері біз ауыл тұрғындарына ескі, шағын медициналық пунктте қызмет

көрсетіп келдік. Ғимарат әлдеқашан тозған. Енді заманауи медициналық мекемеміз ЭКГ, КТГ аппараттары мен спирография жүргізуге арналған жаңа жабдықтармен қамтамасыз етіліп, соның арқасында көрсететін қызмет түрлері де кеңейді. Мұндай құрылғылар диагнозды дәл қоюға мүмкіндік береді, яғни бұл емдеудің тиімділігін арттырады деген сөз. Сондай-ақ бізде зертхана, процедуралық және егу бөлмелері, гинекология және физиотерапия кабинеттері бар. Бұл кабинеттерде акушер мен медбике жұмыс істейді. Бұдан бөлек, аптасына екі рет бізде Атамекен ауылындағы дәрігерлік амбулаториядан келген учаскелік дәрігер науқастарды қабылдайды, – деді жаңа медициналық мекеменің фельдшері Әлім Күткелдиев.

Атап өтсек, халық тығыз орналасқандықтан, соңғы жылдары Жаркент өңірінің барлық дерлік елді мекендерінде заманауи медициналық мекемелер салынып, пайдалануға берілуде. Мәселен, өткен жылы Ақкент және Ақарал ауылдарында блокты-



модульді медициналық пункттер іске қосылса, қазіргі кезде Нөдек ауылында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүріп жатыр. Жалпы, жыл басынан Панфилов ауданының 11 ауылында медициналық нысандар пайдалануға берілді.

Еске салсақ, Жетісу облысы құрылғаннан бергі үш жыл ішінде өңірде денсаулық сақтау саласында 162 жоба жүзеге асырылды. Олардың 75-і - жаңа нысанның құрылысы, 74-і - блокты-модульді медициналық пункт, 13-і - күрделі жөндеу. Осы жобалардың 75-і биыл толық аяқталады деп жоспарлануда. Соның нәтижесінде облыстағы денсаулық сақтау нысандарының жаңартылу деңгейі 63,8 %-ға жетеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУДА АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРАТЫН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖОБА БАСТАЛДЫ



Жетісу облысында ауыл халқы үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында «Ашық есік күні» профилактикалық жобасы басталды. Бұл әлеуметтік акция аясында облыстың салалық дәрігерлері аудандық орталықтарда тегін қабылдау жүргізіп, кеңес береді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Әлеуметтік акция шеңберінде облыстың жетекші медициналық ұйымдарынан ЛОР, уролог, проктолог, акушер-гинеколог, балалар хирургі, невропатолог, нейрохирург, педиатр, травматолог және онколог мамандар келіп, қабылдау жүргізуде.

Әлеуметтік жоба алдымен Кербұлақ ауданынан басталды. Сарыөзек ауылындағы аудандық емханада дәрігерлер бір күнде 178 науқасты, соның ішінде 28 баланы қабылдады. 17 адам қосымша тексеріске жіберілсе, тағы 25 адам облыстық ауруханаға стационарлық емге жолдама алды.

Аудан тұрғындарының айтуынша, мұндай шаралар ауыл халқы үшін өте пайдалы әрі ыңғайлы.

- Денсаулығымдағы кінәраттар 2021 жылдан бері мазалап жүрген. Қалқанша безіне ота жасатқанмын. Үш ай сайын тексеруден өтіп тұрамын. Бүгін учаскелік дәрігердің жолдамасымен келдім. Қабылдауды облыстан келген маман жүргізді, енді Талдықорғанға барудың қажеті жоқ. Дәрігерлердің жылы қарсы алып, ықыласпен қабылдағанына риза болдым, – деді Басши ауылының тұрғыны Розагүл Дербісова.

Ал Сарыөзек ауылының тұрғыны, бес баланың анасы Қызғалдақ Райжанова қабылдауға екі жасар ұлымен келді.

– Ұлым ауыр пневмониямен ауырған, бірақ жергілікті дәрігерлердің көмегімен толық жазылды. Бүгін бәрі дұрыс екеніне көз жеткізу үшін тағы бір тексеріліміз келді. Мұндай шаралар көпбалалы отбасылар үшін өте қажет. Бізге көрсетілген қолайлы жағдай үшін алғысымды білдіремін, – деді жергілікті тұрғын.

Өз кезегінде медицина мамандары мұндай профилактикалық акциялардың уақтылы диагностика жасауға, одан әрі сапалы ем алуға мүмкіндік беретінін атап өтті:

- Бүгін ата-аналар балаларын түрлі шағымдармен алып келді. Барлығын қабылдауға тырыстық, өйткені баланың денсаулығы – әрқашан бірінші орында. Балалар – болашағымыз, сондықтан оларға қамқор болу – біздің міндетіміз, – деді Талдықорған қаласындағы №2 емхананың педиатры Орынбасар Төлеубаева.

Облыстық көпсалалы клиниканың онколог дәрігері, директордың медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Бауыржан Бертаев та пікір қосты:

– Біз 178 адамды қарадық. Бірқатар науқастарға қосымша тексеру қажет, кейбіреулерін стационарға жолдадық. Басты мақсатымыз – адамдарға денсаулық жағдайын туралы нақты қорытынды жасап, тиісті ұсыныстар беру. Бұл – онкологиялық аурулардың алдын алу мен ерте анықтауда аса маңызды, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Ашық есік күні» жобасы желтоқсан айының басына дейін облыстың барлық аудандарында өтеді, бұл шара сапалы медицинаға қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Ал келесі баратын бағыт – Текелі қаласы.

- Осы тәжірибе арқылы «Ашық есік күні» форматының қаншалықты қажет екенін көрдік. Әсіресе шалғай ауыл тұрғындары облыс орталығына бармай-ақ, салалық мамандардан кеңес алу мүмкіндігіне ие болады. Мұндай профилактикалық шараларды тұрақты түрде өткізіп, мобильді медициналық бригадаларды күшейтеміз, әрі тексеру түрлерін кеңейтеміз, – деп атап өтті облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі




Türmys

БІЛІМ САЛАСЫНДА, 29 АЗАМАТТЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) негізгі басты бағыттарының бірі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және де халыққа сапалы қызмет көрсетуді бақылау болып табылады.

Департаментпен, 2025 жылдың 24 шілде – 20 тамыз аралығында, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласының білім бөліміне» жоспарлы тексеру жұмыстарын жүргізіліп, қызмет беруші тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұзу, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркелмеу түріндегі 29 факті анықталды.

Нәтижесінде, Департаментпен заңдылықтың бұзылуына әкеп соққан себептерді және оның салдарын жою туралы тиісті ұсыным хат жолданып, оны қарау қортындысы бойынша 29 қызмет алушылардың өтініштерін тіркеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.



Қ.Т. МАНАП ,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

Чикунгунья (Chikungunya fever, СНК) — острое инфекционное заболевание, вызываемое вирусом чикунгунья, передающимся через укусы комаров рода Aedes. Основные клинические проявления — лихорадка, боли в суставах и кожная сыпь. Чикунгунья широко распространена в тропических и субтропических регионах мира, а ареал её распространения продолжает расширяться.

Вирус чикунгунья был впервые выявлен в Танзании в 1952 году. Изначально болезнь распространялась в Африке, затем в Юго-Восточной Азии, Южной Азии, на островах Индийского океана и в Америке. По состоянию на июнь 2025 г., в 119 странах и регионах зарегистрирована местная передача чикунгуньи.

Пути передачи.

В основном через укусы комаров рода Aedes (в первую очередь Aedes albopictus и Aedes aegypti), зараженных вирусом чикунгунья. Возможна передача от матери ребёнку. В редких случаях возможна передача через переливание крови или контакт с кровью больного.

Инкубационный период: 1–12 дней, обычно 3–7 дней.

Клинические симптомы.

Лихорадка: Заболевание начинается остро. Температура чаще умеренная или субфебрильная, у некоторых пациентов — высокая. Может сопровождаться ознобом, головной болью, болями в спине, генерализованными мышечными болями, светобоязнью, тошнотой, рвотой и др. Длительность лихорадки от 1 до 7 дней.

Боли в суставах: Характерный и наиболее заметный признак чикунгуньи, иногда — первый симптом. Первоначально поражается один или два сустава, но в течение 24–48 часов часто вовлекается несколько суставов, иногда симметрично. Чаще

всего страдают мелкие суставы дистальных отделов — голеностопные, пальцевые, лугезапстные, плюсне-фаланговые, но могут поражаться и крупные суставы — коленные, плечевые. Боль усиливается при движении, сопровождается скованностью и ограничением подвижности. Вокруг поражённых суставов может быть отёк и болезненность; при поражении крупных суставов возможно накопление жидкости в суставной полости.

У большинства пациентов боли и скованность проходят в течение нескольких дней, но у части они сохраняются более 12 недель, а иногда и до 18 месяцев и более. В отдельных случаях остаются стойкие нарушения функции суставов.

Кожная сыпь: У большинства пациентов появляется на 2–5-й день болезни. Локализуется на туловище, конечностях, ладонях и подошвах, реже на лице. Может быть пятнистой, папулёзной или пятнисто-папулёзной. Кожа между элементами сыпи обычно нормальная. Сыпь определяется очагами или диффузно, иногда сопровождается зудом. Через несколько дней сыпь исчезает, иногда с лёгким шелушением.

Прочие симптомы: Возможны тошнота, рвота, снижение аппетита, головная боль и мышечная боль. У части пациентов увеличиваются и становятся болезненными лимфатические узлы, чаще шейные. Возможны конъюнктивит, реже — иридоциклит, ретинит, увеит и другие офтальмологические проявления.

Особенности у детей: высокая температура встречается чаще, длится 3–5 дней. Помимо болей в суставах, сыпь у детей встречается чаще, чем у взрослых, и может быть более разнообразной: пятнистая или пятнисто-папулёзная, иногда с поражением

лица, пузырьками, эрозиями.

У новорождённых (заражённых в перинатальном периоде): симптомы обычно появляются на 3–7-й день после рождения: лихорадка, трудности с кормлением, более обильная сыпь, возможны кровоизлияния в кожу конечностей и отёки.

Редкие осложнения: энцефалит, миелит, миокардит, острое повреждение печени, острое повреждение почек. Геморрагические осложнения крайне редки.

Группы высокого риска тяжёлого течения:

Младенцы; пожилые люди (старше 65 лет), женщины на поздних сроках беременности и в перинатальном периоде; пациенты с хроническими заболеваниями; иммуносупрессивные пациенты (после трансплантации органов, с ВИЧ/СПИД, длительно принимающие иммунодепрессанты и др.). На данный момент специфического противовирусного лечения нет, проводится симптоматическая и поддерживающая терапия.

Профилактика.

В настоящее время нет доступной вакцины против вируса чикунгунья.

Основные меры профилактики: своевременное уничтожение мест размножения комаров, снижение численности переносчиков; индивидуальная защита — использование репеллентов, москитных сеток, фумигаторов; путешественникам в эндемичные районы необходимо повышать осторожность и принимать меры защиты, чтобы избежать заражения.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель УСЭК
Ескельдинского района
Д.БЕКТЕНОВ,
Ведущий специалист

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамдағы әділетсіздік пен теңсіздікті тереңдететін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Бұл індет тек экономикалық емес, саяси және моральдық зардаптарға да әкеледі. Сондықтан да Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – қоғамның ортақ міндеті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, бұл – барша азаматтардың, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әр адам пара бермеуге, заңсыз әрекеттерге қарсы тұруға дайын болса, әділетті қоғам құруға нақты қадам жасалған болар еді.

Алдын алу – ең тиімді тәсіл.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте басты назар жазалауға емес, оның алдын алуға бағытталуы тиіс. Осы мақсатта елімізде:

-ашықтық пен есептілік қағидаттары

енгізілуде;

-цифрландыру арқылы мемлекеттік қызметтер автоматтандырылуда; -«Ашық бюджет», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» сияқты жобалар іске асуда;

-мемлекеттік қызметшілердің этикалық мәдениеті мен жауапкершілігі артуда;

-білім беру мекемелерінде жастарға адалдық пен әділеттілік құндылықтарын дәріптейтін «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» клубтары жұмыс істеуде.

Бұлардың барлығы – парасыз, әділ қоғам құру жолындағы маңызды қадамдар.Мемлекеттік қызмет – адалдықтың айнасы болуға тиісМемлекеттік қызметшілердің бойында адалдық, әділеттілік, кәсіби жауапкершілік және халыққа қызмет ету ұстанымдары мықтап орнығуы тиіс. Мемлекет тарапынан оларға жағдай жасалып отыр: жалақы өсіп, әлеуметтік кепілдіктер беріледі. Ал бұл мүмкіндіктерге жауапкершілікпен қарап, қызметін теріс пайдаланғандар заң алдында қатаң жауап береді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте жастардың рөлі ерекше. Олар –

ертеңгі мемлекет басшылары, заңгерлер, кәсіпкерлер мен мұғалімдер. Олардың бойына бұгіннен бастап парасаттылық, заңға құрмет, әділдік сияқты қасиеттерді сіңіру – жарқын болашақтың кепілі. Мектептерде, колледждер мен университеттерде «Адалдық сағаттары», «Парасаттылық мектебі» сияқты іс-шаралар осы мақсатқа бағытталған.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» – бұл жай ғана ұран емес, бұл – мемлекетіміздің берік ұстанымы, халықтың әділеттілікке деген үміті мен сенімі. Әділетті Қазақстан құру үшін әрбір азамат өз орнында заңға бағынып, парасатты болуға, әділдікті ту етуге тиіс.

Жемқорлықпен күрес – бір күндік науқан емес, бұл – үздіксіз жүретін, қоғам мен мемлекеттің өзара сеніміне негізделген үлкен процесс. Егер әрқайсымыз өз орнымызда адалдық танытсақ, пара бермей, пара алуға жол бермесек, сонда ғана біз нағыз әділетті қоғам құра аламыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – болашаққа деген сенімнің кепілі!

Аман Серікұлы

АТА – ЗАҢ ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕҢСЕСІ



30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – еліміздің тарихындағы маңызды мерекелердің бірі. Әрбір тәуелсіз елдің тірегі – оның Ата заңы. 1995 жылы дәл осы күні бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданды. Бұл күн еліміздің құқықтық, демократиялық және

зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының айқын айғағы. Конституция – тек заңдар жинағы ғана емес, ол – әрбір азаматтың еркін өмір сүруінің кепілі. Яғни биыл Қазақстан Конституциясының 30 жылдық мерейтойы. Адам өмір сүруге, білім алуға, жұмыс істеуге, еркін сөйлеуге құқығы бар. Әр елдің өз заңы, өз тәртібі болады. Сол

сияқты біздің елімізде де Конституциямыз яғни Ата заңымыз бар. Ол біздің құқықтарымызды ғана емес мемлекет қалай жұмыс істеу керек екенін көрсетеді. Біз заңды сыйлап, бейбіт өмір сүруге талпынуымыз керек. Әр адам заңды біліп, оны құрметтеуге орындауға міндеттіміз. Осыған орай Ескелді ауданы Алдабергенов ауылдық кітапханасында «Ата – заң елдігіміздің еңсесі» атты дөңселек үстел өткізді.

Шараға ауыл әкімшілігінің қызметкерлері, Нұрмолда Алдабергенов атындағы музей қызметкерлері және кітапханамыздың оқырмандары қатысты.

Әрбір азамат Конституцияны құрметтеп, оның талаптарын орындауы – еліміздің кемел болашағына қосқан үлесі болып есептеледі.

Бүгінгі мереке – елдің ертеңіне сеніммен қарау күні. Ата Заң аясында бейбіт өмір сүріп, болашаққа нық сеніммен қарауымызға толық негіз бар.

Конституция күні құтты болсын!

С.А. КЕРЕМКУЛОВА,
Алдабергенов ауылдық кітапханасының кітапханашысы:

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ



Ескелді ауданы, 2025 жылдың тамызы — Республика көлемінде «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен ұйымдастырылған «Job Fair» форматындағы ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесі Ескелді ауданында да өз жалғасын тапты. Іс-шара «Жастарға жұмыс» жобасы аясында өтті.


Жәрмеңке Ескелді ауданының орталық алаңында өтті. Ұйымдастырушылар қатарында «AMANAT» партиясының Ескелді аудандық филиалы мен аудандық мансап орталығы бар. Іс-шараның басты мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, студент жастарды маусымдық және тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы еңбекке баулу.

Жәрмеңкенің ресми ашылуында Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Байұзақова Жанар Қанатқызы мен Ескелді аудандық мәслихатының төрағасы Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы сөз сөйлеп, қатысушы жастарға сәттілік тіледі.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында айтылған 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялауымен үндесіп отыр. Бұл – еліміздегі техникалық және жұмысшы мамандықтарының маңызын арттыруға бағытталған нақты қадам.

Жәрмеңкеге аймақтың түрлі кәсіпорындары мен мекемелері қатысып, жастарға жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ұсынды. Қатысушылар өздерін қызықтырған салалар бойынша тікелей жұмыс берушілермен сұхбаттасып, жұмысқа орналасу шарттарымен танысты.

Жәрмеңке жұмыссыз жүрген жастарға ғана емес, кәсіби тәжірибе жинақтағысы келетін студенттерге де пайдалы алаң болды. Мұнда олар болашақ мамандықтарын нақтылау, еңбек нарығына алғашқы қадам жасау және өздерін жаңа қырынан көрсету мүмкіндігіне ие болды. Мұндай іс-шаралар – жастарға қолдау көрсету, олардың әлеуетін дамыту және елдің болашағы ретінде еңбекке араласуына мүмкіндік беру жолындағы маңызды тетіктердің бірі. Ескелді ауданында өткізілген жәрмеңке – осы бағыттағы игі істердің жарқын көрінісі. Алдағы уақытта да жастардың жұмыспен қамту және олардың кәсіптік әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатынына сенім мол.



Ескелді аудандық полиция бөлімінің өкілдері интернет-алаяқтықпен күрес тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Олар тұрғындарды сақ болуға, күмәнді әрекеттерді байқаған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырды.

Акция барысында көптеген тұрғындар полиция қызметкерлерінің бастамасын құптап, мұндай ақпараттық түсіндіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті. Әсіресе, аға буын өкілдері мен интернетті жиі қолданбайтын азаматтар үшін мұндай шаралар қажеттілігі сөзсіз. Жастар да

акцияға белсенді қатысып, өз орталарында интернет қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат таратуға ниетті екендерін жеткізді.

«Интернет-алаяқтыққа жол жоқ» акциясы – заманауи қауіп-қатерлерге қарсы тұрудағы маңызды қадамдардың бірі. Ескелді ауданында өткен бұл іс-шара – азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған пәрменді бастама. Алдағы уақытта да мұндай акциялар жалғасын тауып, тұрғындардың цифрлық қауіпсіздігіне қатысты білімін арттыруға өз үлесін қоса бермек.

СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМГЕ САЯХАТ



Заманның ағымына қарай біздің күнделікті өміріміз үздіксіз өзгеріп, дамып, жаңарып отыр. Бұл көпшіліктің мәдени, ақпараттық сұраныстарына өз әсерін тигізді. Кітапханалар – оқырмандар үшін ақпарат алатын, білімі мен мәдени деңгейін толықтыратын, рухани дамитын ең қолайлы орын. Сырға толы сырлы әлемге үңілетін, дүниетаным көкжиегін кеңейтетін, өз өлкесінің тарихына қызығатын оқырмандар кітап қоймасына жиі келетіні анық. Өйткені мұнда

тегін мәдениет пен өнердің үздік үлгілерімен танысуға, қызықтыратын сұрақтарына жауап алуға, рухани демалып, бос уақытын тиімді өткізуге болады.

«Әдеби өлкетану» жобасы аясында аудандық кітапхананың балалар бөлімінде Ескелді ауданының тумасы, балалар әдебиетінің жазушысы, ақын Айман Кәріпбаеваның қатысуымен «Айман алайдың сиқырлы әлемі» атты танымдық кеш ұйымдастырылды. Кештің мақсаты балалар

әдебиетінің жазушысы әрі ақын Айман Сапатайқызының шығармашылығын жас оқырмандар арасында насихаттау, оқырман мен автор арасын жақындату, шығармашылық байланысты жетілдіру болып табылды. Іс-шараға балалар бөлімінің тұрақты оқырмандары келіп қатысты. Алдымен оқырмандарға жерлес ақын-жазушы Айман Кәріпбаеваның шығармашылығы жайлы мәлімет беріліп, әдеби туындыларына шолу жасалды. Айман апай жинақтарына енген жұмбақтарды жасыра отырып, жас оқырмандарды өзінің сиқырлы әлеміне жетеледі, мазмұнды ертегілерін оқу арқылы балаларды қызықтырды. Кітап мұқабасының безендірілуінен бастап, ішіндегі шығармалардың өзі сырға толы екеніне жас оқырмандардың көздерін өткізді. Кешке оқырмандар белсене қатысып, кітабын оқып жүрген жазушыны бетпесті көргендеріне қуанып, қызығушылықтарын танытты, өздеріне ұнаған өлеңдерінен үзінділер оқып берді. Кітапқұмар балақайларға Айман апай да риза болып, өзінің тілегін білдірді.

Оқырман мен автор арасын жақындатуға бағытталған іс-шаралар келешекте де жалғасын табатыны сөзсіз.

Ж. Рахымқызы, аудандық кітапхананың балалар бөлімінің кітапханашысы

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА «ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

2025 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай Ескелді ауданының полиция қызметкерлері аудандық прокуратура, жергілікті атқарушы органдар және «Лидер.кз» еріктілер қозғалысымен бірлесіп, Қарабұлақ ауылында «Интернет-алаяқтыққа жол жоқ» атты ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізді. Бұл шара қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және интернет кеңістігіндегі алаяқтық әрекеттердің алдын алуға бағытталған.

Акция мақсаты – қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыру. Қазіргі таңда интернет – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналғанымен, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету

мәселесі өзекті болып отыр. Әсіресе, соңғы жылдары интернет алаяқтық түрлерінің күрт артуы алаңдаушылық тудырып отыр. Осы орайда ұйымдастырылған акцияның негізгі мақсаты – тұрғындарға интернет-алаяқтардың қандай әдіс-тәсілдерді қолданатынын түсіндіру, олардан сақтану жолдарын үйрету және осындай қылмыстардың құрбаны болмаудың қарапайым ережелерін кеңінен насихаттау.

Акция аясында полиция қызметкерлері, прокуратура өкілдері мен «Лидер.кз» еріктілері Қарабұлақ ауылындағы халық көп жиналатын орындарды – базарлар, сауда орталықтары, аялдамалар мен қоғамдық мекемелерді аралап, тұрғындармен тікелей кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында азаматтарға интернет алаяқтарының жиі қолданатын схемалары: банктік деректерді ұрлау, жалған хабарламалар арқылы ақша жымқыру, фишингтік сайттар арқылы ақпарат алу сияқты әрекеттер туралы ақпарат берілді.

Тұрғындарға интернет қауіпсіздігін сақтау бойынша арнайы дайындалған жадынамалар таратылды. Бұл жадынамаларда интернетті қауіпсіз пайдалану жөніндегі негізгі ережелер, күмәнді сілтемелерге өтпеу, жеке деректерді бөгде адамдарға жария етпеу, банктік шоттарға қатысты ақпаратты ешкіммен бөліспеу сияқты нақты кеңестер берілген.

Қоғамдық белсенділік және серіктестік – қауіпсіздіктің кепілі. Шараға атсалысқан «Лидер.кз» еріктілер ұйымының белсенділері

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА «БАЛАНЫ МЕКТЕПKE ДАЙЫНДАЙЫҚ!» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА



2025 жылдың тамыз айында Қарабұлақ ауылында балалардың бос уақытын қауіпсіз және тиімді өткізуіне бағытталған маңызды шара — ойын және спорт алаңдарына арнайы мониторинг жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл іс-шара «AMANAT» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында жүзеге асырылып, балалар денсаулығы мен қауіпсіздігін басты назарға алған игі бастамалардың бірі болды.

Шараның басты мақсаты — Қарабұлақ ауылындағы балалар ойын және спорт алаңдарында орнатылған құрылғылардың техникалық жағдайын тексеріп, олардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау. Сонымен қатар, алаңдардың санитарлық тазалығы, жабдықтардың беріктігі мен балалар үшін жарамдылығы

назарға алынды. Балалар жарақаттарының алдын алу, олардың ойын барысында денсаулығына зиян келмеуін қамтамасыз ету — мониторингтің негізгі бағыты болды.

Мониторинг жұмыстарына Ескелді аудандық мәслихатының төрағасы Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы, аудандық мәслихат депутаты Құрманғалиев Айдын Талғатұлы, сондай-ақ Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары Серіков Қуаныш Ерланұлы қатысты. Олар тұрғындармен кездесіп, алаңдарды аралау барысында өз бағаларын беріп, нақты ұсыныстарын жеткізді.

Мониторинг барысында бірнеше балалар ойын және спорт алаңдарына барып, ондағы орнатылған әткеншектер, сырғанақтар, спорттық снарядтар, дене шынықтыруға арналған құралдар ежей-тегжейлі сарапталды. Қатысушылар жабдықтардың тозу деңгейін, сынған немесе жарамсыз бөлшектердің бар-жоғын, ойын алаңдарының жабынды сапасын, қоршаулардың беріктігін және олардың балалар үшін қауіпсіздігін мұқият қарастырды.

Нәтижесінде кейбір алаңдарда қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келмейтін тұстар анықталды. Атап айтқанда, металл құрылғылардың тот басқан жерлері, бекіткіштердің әлсіздігі, жабдықтардың бір бөлігінің сы-

нып немесе қисайып тұрғаны сияқты мәселелер назарға ілікті. Сондай-ақ, кей алаңдарда қоқыс жиналмағаны, санитарлық жағдайдың төмендігі байқалды.

Шара барысында мониторингке қатысушылар тиісті мекемелерге нақты ұсыныстар беріп, анықталған олқылықтарды жою бойынша жедел шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Қауіпсіздікке қатысты ескертулер Ескелді ауданының жергілікті атқарушы органдарына жолданды. Алдағы уақытта бұл мәселелердің шешімі қадағалауда болады.

Сонымен қатар, қатысушылар ойын алаңдарын жаңғырту, заманауи әрі қауіпсіз жабдықтармен қамтамасыз ету, арнайы жұмсақ жабынды орнату және тұрақты санитарлық тазалықты қамтамасыз ету секілді ұсыныстар айтты. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі — қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін ескерген ұйымдастырушылар осындай мониторинг шараларын жүйелі түрде өткізу қажеттігін алға тартты.

Қарабұлақ ауылында өткен бұл мониторинг — балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты әрі маңызды іс-шара болды. Мұндай қадамдар арқылы ауылдық жерлердегі инфрақұрылымды жақсарту, тұрғындардың өмір сапасын арттыру және өскелең ұрпақтың денсаулығын қорғау ісінде елеулі ілгерілеушілікке қол жеткізуге болады. «AMANAT» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясындағы бұл бастама өзектілігін жоғалтпай, алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.



Ескелді ауданында да аталмыш акция аясында бірқатар игі істер жүзеге асырылуда. Акцияның басты мақсаты — әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы, ерекше қажеттілігі бар балаларды жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Бұл бастама — тек материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке деген ынтасын арттыру, оларға қолдау білдіру арқылы болашаққа сенім ұялату.

Аудан бойынша мұқтаж отбасылар алдын ала анықталып, нақты тізімдер жасалды. Қайырымдылық шарасына мемлекеттік органдармен қатар, қоғамдық ұйымдар мен жекелеген азаматтар да белсенді түрде атсалысты.

Акцияға алғашқылардың бірі болып қатысқан «AMANAT» партиясының Ескелді аудандық филиалы өз қолдауын көрсетіп, балалардың қуанышына ортақтаса білді. Партия филиалы тарапынан ұйымдастырылған шара барысында оқушыларға мектепке қажетті рюкзактар, дәптерлер, қаламсаптар, түрлі оқу құралдары мен кеңсе тауарлары тарту етілді.

Аталған филиал төрағасының міндетін атқарушы Копбаева Салтанат Қабимолдақызы балалар мен ата-аналарға жылы лебізін білдіріп, жаңа оқу жылында табысты, белсенді, білімге құштар болуға шақырды. Ол өз сөзінде:

«Бұл акцияның мақсаты — тек материалдық қолдау көрсету емес. Біз балалардың жан дүниесіне үңіліп, оларға сенім мен мотивация беруді мақсат еттік. Қайырымдылық — қоғамның адамгершілік деңгейінің көрінісі. Әр бала өзіне деген сенімді, қолдауды сезінуі тиіс» — деп атап өтті.

Шара аясында балаларға арналған шағын мерекелік бағдарламалар, мотивациялық кездесулер, ойындар мен жылы тілектер айтылып, олардың көңіл күйіне ерекше назар аударылды. Бұл — балалардың жаңа оқу жылын көтеріңкі көңілмен қарсы алып, білім жолындағы алғашқы қадамдарын сенімді бастауына сеп болды.

Ата-аналар да осындай игі бастамаларға ризашылықтарын білдіріп, қайырымдылыққа үлес қосқан азаматтарға алғыстарын жеткізді. Жағдайы шектеулі болса да, баласының болашағы үшін алаңдайтын әр ата-ана үшін мұндай көмек — үлкен қолдау.

«Баланы мектепке дайындайық!» акциясы — жыл сайын өзектілігін жоғалтпай келе жатқан, балалар мен отбасы құндылықтарын алдыңғы орынға қоятын әлеуметтік маңызы зор бастама. Ескелді ауданында осы игі іске үлес қосып жатқан барлық тараптардың бірлескен жұмысы — қоғамдағы бірлік пен мейірімділіктің айқын көрінісі.

Білімге жол ашу — ел болашағына жол ашу. Сондықтан да бұл акция тек бір реттік көмек емес, ұрпақ тәрбиесіне, ел болашағына салынған берік негіз деуге болады. Алдағы уақытта да мұндай шаралар жүйелі түрде жалғасын тауып, көмекке мұқтаж әрбір бала назардан тыс қалмайтынына сенім мол.

Жаңа оқу жылы қарсаңында елімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын ең игі бастамалардың бірі — «Баланы мектепке дайындайық!» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы 2025 жылы да өз жалғасын табуда. Бұл акция — балалардың білім алуына жағдай жасау, қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік пен қолдауды арттыру, сонымен қатар қамқорлық пен мейірімділікке негізделген ортақ алатын жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ, ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



2025 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. Бұл — еліміздің тәуелсіз тарихындағы аса маңызды, тарихи оқиға. Конституция — мемлекеттіліктің негізін қалап, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын басты құқықтық құжат. Ол — тәуелсіз Қазақстанның ең жоғарғы заң күші бар саяси және құқықтық іргетасы.

Конституция — халықтың еркі мен егемендіктің символы.

1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы — шын мәнінде халықтың еркін білдірген, мемлекеттің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік сипатын айқындайтын құжат болды. Бұл күні ел тағдырына бейжай қарамаған миллиондаған азаматтар өз таңдауын жасап, болашаққа сеніммен қадам басты. Конституция тәуелсіз мемлекеттің түбегейлі даму бағыттарын, билік тармақтарының жүйесін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындап берді.

30 жылда жүріп өткен жол — үлкен жетістіктер мен өзгерістер кезеңі. Өткен 30 жыл ішінде Конституция Қазақстан қоғамының тұрақтылығы мен өркендеуінің кепіліне айналды. Елдің ішкі тұрақтылығы, саяси жүйенің

орнығуы, азаматтық қоғамның дамуы, әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүзеге асуы — барлығы осы Негізгі Заңмен тығыз байланысты.

Мемлекеттік басқару жүйесі жаңарып, заңнамалық негіздері халықаралық стандарттарға сай жетілдірілді. Елдің тәуелсіз сот жүйесі қалыптасып, адам құқығын қорғау тетіктері нығайды. Азаматтардың біліміне, денсаулығына, әлеуметтік әлауқатына ерекше мән беріліп, Конституцияда бекітілген әлеуметтік мемлекет қағидаты нақты істермен дәлелденді.

Қазақстанның саяси өмірінде 30 жыл ішінде бірқатар ауқымды өзгерістер орын алды. Әсіресе 2022 жылы басталған жаңа кезең — «Жаңа Қазақстан», «Екінші Республика» құру идеясы аясында жүзеге асырылған ауқымды конституциялық реформалар ел дамуында маңызды бетбұрыс болды.

2022 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы Конституцияның үштен біріне жуығына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер:

- суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға көшу;
- Парламенттің өкілеттігін кеңейту;
- Конституциялық сот құру;
- өлім жазасының жойылуы;
- жер мен табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екені туралы баптың енгізілуі;
- партиялық-саяси жүйені жаңғырту, сайлау жүйесін аралас үлгіге көшіру;

сияқты еліміздің демократиялық дамуына серпін берген бастамаларды қамтыды. Бұл өзгерістер Конституцияның өміршеңдігін, заман талабына сай жетіле алатын құжат екенін көрсетті.

Ата Заң — әр азаматтың қорғаны Конституция — жай ғана заңдар жинағы емес, ол — әрбір қазақстандықтың құқығын,

бостандығын, теңдігін қорғайтын, мемлекеттің халық алдындағы міндеттемелерін айқындайтын басты құжат. Онда азаматтардың еңбек ету, білім алу, денсаулық сақтау, ар-ождан бостандығы, тіл мен мәдениетке деген құқығы нақты жазылған.

Сонымен қатар Конституцияда мемлекетіміздің біртұтастығы, аумақтық тұтастығы, мемлекеттік тілі, рәміздері, егемендігі және демократиялық даму жолы нақты белгіленген. Бұл — ұлттық бірліктің, бейбітшіліктің және қоғамдық келісімнің негізі.

30 жыл ішінде еліміз түрлі кезеңдерден өтті. Экономикалық дағдарыстар мен жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, Қазақстан ішкі тұрақтылығын сақтап, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасты. Бұл ретте Конституцияның атқарған рөлі зор.

Алда елімізді одан әрі демократияландыру, әділеттілік пен заң үстемдігін орнықтыру, әр азаматтың мүддесін қорғау бағытындағы жұмыстар жалғасады. Конституция — бұл процестің темірқазығы, бағыт-бағдары болып қала береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы — әр азамат үшін тарихи маңызды кезең. Бұл — өткенге тағзым, қазіргіге құрмет, болашаққа сенім. Ата Заң — біздің тәуелсіздігіміздің нышаны, мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір. Сондықтан Конституцияны құрметтеу, оны сақтау — әрбір қазақстандықтың парызы.

30 жылдық мерейтой — Конституцияның ел өміріндегі маңызын тағы бір мәрте еске салып, барша азаматтарды заңға құрметпен қарауға, бірлік пен әділеттілік жолында біріуге үндетін сәт.

Ел болашағы — құқықтық санасы жоғары, Ата Заңына адал ұрпақтың қолында!

ПАРАПЛАН СПОРТ ТҮРІНЕН АШЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ – 2025 ЖАБЫЛУ САЛТАНАТЫ



Бұл чемпионат тек спорттық жарыс қана емес, әуе спорты әуесқойларының басын қосқан маңызды шара болды. Іс-шара соңында қатысушылар келесі жылы да бас қосып, жаңа биіктерді бағындыруға ниет білдірді.

2025 жылы өткен парашют спорт түрінен ашық Қазақстан Республикасының чемпионаты өз мәресіне жетті. Бірнеше күнге созылған тартысты додада еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелден келген үздік спортшылар әуедегі шеберліктерін көрсетті.

Жабылу салтанатында жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып, ұйымдастырушылар мен демалушыларға алғыс білдірілді. Сайыс барысында спортшылардың ұшуға деген құштарлығы мен кәсіби біліктілігі көрермендерді тәнті етті.

Г.ОМАРОВА, «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізудің дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

СЫРЫМБЕТ АУЫЛЫНДАҒЫ АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Ағымдағы жылдың 25 тамыз күні аудан әкімі Е.Т. Ахметов, ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Б.А. Абылкасымов Сырымбет ауылында ауыз су жүйелерінің құрылысы және қайта жаңғырту объектісінде атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Бас мердігер мекеме – «Темірқазық Стройпроект» ЖШС Қазіргі уақытта нысанда келесі жұмыстар атқарылды: Резервуарды тазарту және гидрооқшаулау жұмыстары аяқталды

Стяжка құйылды

12 бірлік құдық орнатылды

21 тіректен тұратын түнгі жарықтандыру іске қосылды

Блок модульды күзет ғимараты орнатылды

Автожол астында 9 тесу жүзеге асырылды

0,6 км су құбыры желілерін төсеу жұмыстары аяқталды

Құдықтарға фасонды бөлшектер орнатылып, бұрын салынған құбырларды жуу және сығымдау жұмыстары жүргізілуде

86 метрлік су қоршауы орнатылды

Нысанда 4 арнайы техника мен 20 жұмысшы еңбек етуде.

ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!



С начала года области Жетісу зарегистрировано 51 (61) фактов интернет мошенничестве, в целом в сравнении с прошлым годом отмечается снижение интернет-мошенничества на 16,4 %.

51 фактов интернет мошенничеств в разбивке по регионам: г.Талдықорган - 26, г.Текели - 3, Аксу – 2, Алаколь – 2, Ескельдинский - 3, Кербулакский – 2, Каратальский - 3, Коксукий – 1, Панфиловский – 6, Сарканский - 3.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и за владения ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры

направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющим себя сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться в СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

А.К.БАЛАБЕКОВ,
Прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Департамента Комитета по правовой статистикеи специальным учетам Генеральной прокуратуры РКпо области Жетісу

ЖЕТИСУДА БИЗНЕС-ҚАУЫМДАСТЫҚПЕН ӨТКЕН ДӨңГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕ МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жетісу облысының «Атамекен» Өңірлік кәсіпкерлер палатасы алаңында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалы мен өңірдің бизнес-қауымдастығы өкілдерінің кездесуі өтті. Дөңгелек үстел барысында 2025 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістер талқыланды.

Кездесу барысында ерекше назар 2026 жылдан бастап енгізілетін медициналық көмектің бірыңғай базалық пакетіне іске асыруға аударылды. Өзгерістер кездейді:

- ТМКК мен МӘМС арасындағы қайталанатын қызметтерді жою;
- Әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтау және скринингтік тексерулерге қолжетімділікті кеңейту;
- Медициналық қызметтерді көрсетудің ашықтығын арттыру.

Сонымен қатар, қатысушылар жүйенің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын да талқылады, атап айтқанда:

•2026 жылдан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу үшін жоғарғы шекті мөлшерді ұлғайту;

•Уақытша қиындықтарға тап болған жағдайда сақтандыру мәртебесін 6 айға дейін сақтау;

•Жергілікті бюджеттер есебінен жүйеге тағы шамамен 1 миллион әлеуметтік осал азаматты енгізу.

Сондай-ақ, өңірдегі медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға қатысты өзекті мәселелер көтеріліп, талқыланды.

Дөңгелек үстел Қор филиалы, медициналық сектор мен кәсіпкерлік қауымдастық арасындағы ашық диалог алаңы ретінде маңызды рөл атқарды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ АДАМДАРДЫҢ ӨТІНІШ БЕРУ МЕХАНИЗМІН ТҮСІНДІРУ ҚҰҚЫҚТАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ҮШІН ПРОКУРАТУРАҒА ТАРТЫМДЫ ЖАУАПТАР

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- өдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда. Дене;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.

Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Молдаханов Талғат Мұратұлы,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің бастығы әділет кеңесшісі

В ЖЕТИСУ ОБСУДИЛИ КЛЮЧЕВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ЗАКОН ОБ ОСМС НА КРУГЛОМ СТОЛЕ С БИЗНЕС-СООБЩЕСТВОМ

На базе Региональной палаты предпринимателей «Атамекен» области Жетісу состоялась встреча представителей филиала Фонда социального медицинского страхования с бизнес-сообществом региона. Основной темой круглого стола стали изменения в Закон об обязательном социальном медицинском страховании, подписанные Президентом Республики Казахстан 14 июля 2025 года.

В ходе обсуждения особое внимание было уделено внедрению Единого базового пакета медицинской помощи, который начнёт действовать с 2026 года.

Новый подход предполагает:

- устранение дублирующих медицинских услуг между ГОБМП и ОСМС,
 - расширение доступа к скрининговым обследованиям и ранней диагностике социально значимых заболеваний,
 - повышение прозрачности в оказании медицинской помощи.
- Кроме того, участники обсудили меры по обеспечению финансовой устойчивости системы, включая:
- увеличение верхнего порога для расчёта взносов и отчислений с 2026 года,
 - продление срока сохранения

страхового статуса до 6 месяцев при временных трудностях, -включение в систему ещё около 1 миллиона социально уязвимых граждан за счёт средств местных бюджетов.

Также были подняты и обсуждены актуальные вопросы повышения качества и доступности медицинских услуг в регионе. Круглый стол стал важной площадкой для открытого диалога между филиалом Фонда, медицинского сектора и предпринимательского сообщества.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального медицинского страхования»

ҚР ҰБ ЖӘНЕ ИПБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 1 ТАМЫЗДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІНЕ ШОЛУ

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) enprf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі - ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ҚРҰБ пен ИПБ-лардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – 24 857,25 млрд теңге. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 24 283,88 млрд теңге болды. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі – 505,92 млрд теңге.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 67,45 млрд теңге. ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанды: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

2025 жылғы 1 тамызға МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,87%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 8,82%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,81%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,86%, МҚҰ - 1,17%.

2025 жылғы 1 тамыздағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 57,23%, АҚШ долларымен – 42,76%, басқа валюталарда - 0,003%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен «кері РЕПО» операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер – 1 104,97 млрд теңге. Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс - 159,38 млрд теңге, сыртқы басқарудағы активтер бойынша алынған кіріс, оның ішінде бағамдық қайта бағалау есебімен - 439,09 млрд теңге, өзге кірістер - 5,01 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болды.

Соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 3,11 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 14,74%, инфляция мөлшері - 11,80%.

Естеріңізге сала кетейік, жекелеген қысқа мерзімді кезеңдердегі зейнетақы активтерінің кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен қысқа мерзім ішінде есептелген басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдары құнының ауытқуын әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдау үшін кем дегенде бір жыл кезеңді алған жөн.

2025 жылғы 1 тамыздағы ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 96,98%, ҚРҰБ депозиттері – 2,84%. ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады. 2025 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі 12,52% көрсетті.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке

шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enprf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша портфель құрылымы туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 67,45 млрд теңгеден асады.

01.08.2025ж. жағдай бойынша «Jusan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен – 12,58 млрд теңге.

Компанияның негізгі инвестициялары: ҚР ҚМ МБҚ – 18,71%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 17,57%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 17,07%, РЕПО – 14,99%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары - 9,38%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 6,76%, МҚҰ - 6,20%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 5,18%, шет мемлекеттердің МБҚ – 2,81%. Атап кетейік, портфельдің 73,29% теңгемен, 25,28% - АҚШ долларымен, 1,43% - басқа валюталарда ұсынылған.

2025 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,92% болды.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфельінің егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.08.2025ж. жағдай бойынша «Halyk Global Markets» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 6,16 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: «кері РЕПО» (күнтізбелік 90 күннен аспайтын) – 42,89%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 11,61%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 10,71%, ҚР ЕДБ облигациялары – 9,62%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 7,77%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 5,54%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 5,31%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 4,00%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 2,33%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 75,40%, АҚШ долларымен 24,60% тең.

2025 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,87% болды.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.08.2025ж. жағдай бойынша «BCC Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері - шамамен 7,28 млрд теңге.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ЕДБ облигациялары – 22,66%, ҚР ҚМ МБҚ – 16,51%, Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 15,80%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 15,41%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 12,40%, РЕПО – 10,76%..

Ұлттық валютадағы инвестициялар – портфельдің 75,08%, АҚШ долларымен 24,92%.

2025 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 13,68% болды.

«BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.08.2025ж. жағдай бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 2,78 млрд теңге.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 24,24%, ҚР ҚМ МБҚ-ға 17,07%, квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларына

– 12,93%, ҚР ЕДБ облигациялары – 12,45%, РЕПО – 9,59%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 5,82%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 4,06% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 68,03%, АҚШ долларында – 31,97% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 17,56% болды.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

2025 жылғы 1 тамызындағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ «Halyk Finance» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 38,65 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: ҚР ҚМ МБҚ – 22,93%, ҚР ЕДБ облигациялары – 10,44%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 9,47%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 8,08%, шет мемлекеттердің МБҚ – 7,92%, МҚҰ - 7,08%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 5,66%, Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 3,45%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 3,75%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 59,40%, АҚШ долларында – 40,60% инвестицияланды.

2025 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген кірістілігі 15,26% болды.

«Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ «Halyk Finance» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына:

-МЗЖ және МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 50% дейін; -сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда МЗЖ және МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100% дейін; -ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100% беруге құқылы.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enprf.kz сайтында).

ДОХОДНОСТЬ ПЕНСИОННЫХ АКТИВОВ ЗА 12 МЕСЯЦЕВ СОСТАВИЛА 14,74%



По состоянию на 1 августа 2025 г. доходность пенсионных активов, управляемых НБРК и сформированных за счет обязательных, профессиональных и добровольных взносов, за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 14,74% при инфля-

ции в размере 11,80%. Доходность пенсионных активов за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР) за последние 12 месяцев составила 12,52%.

Следует учитывать, что доходность пенсионных активов за краткосрочные периоды времени не отражает реальную эффективность управления. Это связано с тем, что доходы в виде вознаграждения по финансовым инструментам и другим операциям за небольшой срок не всегда способны компенсировать колебания стоимости ценных бумаг и курсов валют. Поэтому объективную оценку инвестиционного дохода целесообразно проводить за период не менее одного года.

Таким образом, в средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная (превышающая накопленную инфляцию) доходность пенсионных накоплений. Так, накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году до 1 августа 2025 года с нарастающим итогом составила 1030,53% при инфляции за весь период 899,22%.

Накопленный с 2014 года (после объединения пенсионных активов в ЕНПФ) чистый инвестиционный доход по состоянию на 1 августа 2025 г. составил 13,81 трлн тенге. С учетом осуществленных выплат доля накопленного чистого инвестиционного дохода в общем объеме пенсионных накоплений казахстанцев по состоянию на 01.08.2025 г. составляет 41,9%, что демонстрирует значительную роль инвестиционной деятельности в структуре накоплений граждан. Также напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enprf.kz или в мобильном приложении. Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enprf.kz) в разделе «Статистика и аналитика/Инвестиционное управление пенсионными активами».

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Довверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателей, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет не востребоваванной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», обеспечиваяет осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enprf.kz).

ГУ «АППАРАТ АКИМА АЛДАБЕРГЕНОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА» ПРЕДОСТАВЛЯЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ВИДЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

-«Предоставление земельного участка из земель поселка, села»,
-«Выдача решения изменение целевого назначения»,
-«Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведение торгов (аукционов)»,
-«Постановка на очередь на получение земельного участка»,
-«Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку».

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения

(ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте rki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облачке.

Также в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все виды вам необходимых услуг, мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении необходимых услуг.

Биболова А.Д. (87283628576),
Главный специалист ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ

Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат. Байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92, 87082704129

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2 0 2 5 жылдың «1» қыркүйектен бастап 2025 жылдың «15» қыркүйекке дейін

Өтінім берудің басталу күні: 2025 жылдың «1» қыркүйек

Өтінім берудің аяқталу күні: 2025 жылдың «15» қыркүйек.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады. Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдар;

- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдер;

- зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге

дейін бес жыл бойы);

-балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;

- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;

- наркологиалық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немерсе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;

- коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер.бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектігі оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖББ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;

- әлеуметтік оқыту. біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

HABARLANDYRU

ХАБАРЛАНДЫРУ

жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және ауылдық автомобильмен тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы № 2 маршрут Қарабұлақ және Шымыр ауылдары, №3 маршрут Қарабұлақ және Абай, Орқусак, Жетісу, Екпінді және Сырымбет ауылдары, №4 маршрут Қарабұлақ – Байысов, Алдаберген, Жастар, Бактыбай, Ельтай, Өтенай.

1. «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» ММ жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық) автомобильмен тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды. Конкурс 2025 жылдың 18 қыркүйек күні сағат 16:00-де Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі № 67, Ескелді ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында өтеді.

2. Конкурска келесі маршруттар пакеттері (маршруты) қойылады:

№ 2 в с.Карабулак и Шымыр;
№ 3 Карабулак – Абай, Орқусак, Жетісу, Екпінді және Сырымбет;
№ 4 Карабулак – Байысов, Алдабергеннова, Жастар, Бактыбай, Ельтай, Өтенай.

3. Конкурска меншік түріне қарамастан, меншігінде немесе өзге де заңды негізде 8 көлік құралы және 1 резервтік көлік бар жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер Ескелді ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне жазбаша өтінішпен жүініп, конкурс құжаттамасының жинағын ала алады. Мекенжайы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі №67, 7-кабинет.

5. Конкурс құжаттамаларын алу және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 4 қыркүйек сағат 12:00-ға дейін.

6. 2025 жылғы 22 тамызда сағат 11:00-де конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді

7. Қосымша ақпарат үшін байланыс телефоны: 8 (778)-654-90-26.

Объявление

о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных городских и сельских автомобильных перевозок пассажиров и багажа маршрут № 2 в с.Карабулак и Шымыр, маршрут № 3 Карабулак – Абай, Орқусак, Жетісу, Екпінді және Сырымбет, №4 Карабулак – Байысов, Алдабергеннова, Жастар, Бактыбай, Ельтай, Өтенай.

1. ГУ «Аппарат акима Ескельдинского района» объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных городских (сельских) автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится

18 сентября 2025 года в 16:00 часов по адресу: с. Карабулак, ул. Оразбекова № 67, в малом зале заседаний акимата Ескельдинского района.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты):

№ 2 в с.Карабулак и Шымыр;
№ 3 Карабулак – Абай, Орқусак, Жетісу, Екпінді және Сырымбет;
№ 4 Карабулак – Байысов, Алдабергеннова, Жастар, Бактыбай, Ельтай, Өтенай.

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от форм собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных оснований в количестве 8 единиц и 1 единица в резерве.

4. Желаяющие принять участие в конкурсе представляют в ГУ «Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Ескельдинского района» письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов по адресу: с. Карабулак, ул. Оразбекова №67, кабинет 7.

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в Конкурсе: 04 сентябрь 2025 года

12:00 часов.
6. 22 августа 2025 года в 11:00 часов конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.

7. За справками обращаться по телефонам: 8-(778)-654-90-26.

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2025 жылғы 11 қыркүйекте сағат 10.00-де Ескелді ауданы әкімдігінің ғимаратында (Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 67) аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөмірі арқылы алдын ала жазылуға болады.

Сондай-ақ сағат 11.00-де Ескелді аудандық мәдениет үйінде (Қарабұлақ ауылы, Балпық би көшесі, 55) облыс әкімінің аудан тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша жүргізіледі.

Уважаемые жители Ескельдинского района!

11 сентября 2025 года в 10.00 часов аким области Жетісу Исабаев Бейбит Оксикбаевич в здании акимата Ескельдинского района проведет прием граждан

по личным вопросам (с. Карабулак, ул. Оразбекова, 67), на который предварительно можно записаться по телефону отдела по контролю за рассмотрением обращений граждан аппарата акима области: 8 (7282) 40-25-06.

Также в 11.00 часов в районном доме культуры (с. Карабулак, ул. Балпык би, 55) состоится встреча акима области с населением района.

Прямая трансляция встречи будет вестись на странице акимата области «jetisu akimdigi» в «Instagram» по ссылке: https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Карабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1261 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	---	--